

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі N 88-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған»"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - **т і з б е**) **б е к і т і л с і н .**

2. Мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы Заңына сәйкес келтіру мақсатында заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге тексеру жүргізсін және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізсін;

3) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілер қабылдасын, Қазақстан Республикасының Үкіметін және техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органды қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 2 с ә у і р д е г і

N 8 8 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с N	Атауы	Актінің нысаны	Орында- луына жауапты	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.		Қазақстан Республикасы	ИСМ	2007 жылғы мамыр

	Техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарды бекіту туралы	Үкіметінің қаулысы		
2.	Аккредиттеу жөніндегі орган туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИСМ	2007 жылғы мамыр
3.	Техникалық регламенттерді әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және күшін жою ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИСМ	2007 жылғы мамыр
4.	Дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өрт сөндіру мекемелері құрылмаған елді мекендердегі өрттерді сөндіру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТЖМ	2007 жылғы мамыр
5.	Криминалистік талаптар мен азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сынау әдістерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІМ	2007 жылғы мамыр
6.	Темір жол көлігіндегі қауіпсіздік ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2007 жылғы мамыр
7.	Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2007 жылғы мамыр
8.	Теңіз кемелерінің жүк маркасы туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2007 жылғы мамыр
9.	Теңіз кемелерін жабдықтау жөніндегі ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2007 жылғы мамыр
10.	Азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормасын белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2007 жылғы мамыр
11.	Әуеайлақтың жарамдылығын сертификаттау және оған сертификаттар беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2007 жылғы мамыр
12.			ККМ	

	Азаматтық авиация саласындағы еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитарияны қамтамасыз ету, сондай-ақ ұшуларға аэронавигациялық қызмет көрсету жөніндегі ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы		2007 жылғы мамыр
13.	Теңіз кемелерін жіктеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2007 жылғы мамыр
14.	Ұшуларды және авиациялық электр байланысы радиотехникалық қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ККМ	2007 жылғы мамыр
15.	Өнімді таңбалау ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ИСМ	2007 жылғы мамыр
16.	Тиімділігіне, қауіпсіздік сапасына сараптама жүргізу үшін Қазақстан Республикасының аумағында айналымда жүрген дәрілік заттарды алып қою ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ДСМ	2007 жылғы мамыр
17.	Ұйымдардың стандарттарын әзірлеу, бекіту, есепке алу, өзгерту, күшін жою, тіркеу, белгілеу, басып шығару ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ИСМ	2007 жылғы мамыр
18.	Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын (орталықтарын), өлшеу құралдарын салыстырып тексеру, калибрлеу және өлшемдерді орындау әдістерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ИСМ	2007 жылғы мамыр
19.	Тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттарды беру ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ИСМ	2007 жылғы мамыр
20.	Сәйкестікті растау саласындағы шетелдік үлгідегі құжаттарды беретін шетелдік және халықаралық	Бұйрық	ИСМ	

	ұйымдарды есептік тіркеу ережесін бекіту туралы			2007 жылғы мамыр
21.	Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудиторлар мен салыстырып тексерушілерге аттестат-тау жүргізу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ИСМ	2007 жылғы мамыр
22.	Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының мемлекеттік кадастрын бекіту туралы	Бұйрық	ІІМ	2007 жылғы мамыр
23.	Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ТЖМ	2007 жылғы мамыр
24.	Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігін жіктеу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ДСМ	2007 жылғы мамыр

## **Е с к е р т п е**

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі  
ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі  
ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі  
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі  
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі